

## Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері үшін нормативтік оқу жүктемесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1262 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 391 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.30 № 391 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына Z990389\_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері үшін нормативтік оқу жүктемесі бекітілсін.
2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1999 жылғы  
27 тамыздағы  
N 1262 қаулысымен

бекітілген

## Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері үшін нормативтік оқу жүктемесі

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері үшін апталық оқу жүктемесінің нормативі мынадай болып белгіленсін:

- 20 сағат - жалпы білім беретін оқу орнының бастауыш сатысы үшін;
- 18 сағат - жалпы білім беретін оқу орнының негізгі және жоғары сатылары үшін ;
- 18 сағат - кәсіптік бастауыш білім және кәсіптік орта білім беру ұйымдары үшін ;
- 24 сағат - мектепке дейінгі ұйымдар үшін;
- 18 сағат - мектептен тыс ұйымдар үшін;
- 24 сағат - балалар және жас өспірімдер спорт мектептері үшін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК